26.06.2019-ғы № 03-18/2329 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

«AG-Эксклюзив» ЖШС-не

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 07.06.2019 жылғы №43 (45898) хатыңызға төмендегіні хабарлайды.

«Мақтаарал ауданының білім бөлімі» ММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен №3322464-1 *«Компенсирующие устройства комплекті сатып алып орнатуымен»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның *(әрі қарай – Заң)* 10 бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші өзінің сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарда қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, сондай-ақ ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* Қағиданың 150 тармағының 2 тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалады.

Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алудың техникалық ерекшелігінде жеткізілетін тауарларға (Степень защиты) «IP21 және IP31» стандарты болуы талап етілген.

Алайда, камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында әлеуетті өнім беруші **«AG-Эксклюзив» ЖШС-нің** техникалық сипатамасында ұсынылған тауардың стандарты (Степень защиты) «IP54» болып белгіленгені.

26.06.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Яғни, Конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім беруші **«AG-Эксклюзив» ЖШС-нің** техникалық ерекшеліктің тауарларға (Степень защиты) «IP21 және IP31» стандарты болуы талабына сай болмауына байланысты конкурсқа қатысуға рұқсат бермеуі заң және қағида талаптарына қайшы келмейді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент
басшысының орынбасары **А.Омаров**

Орын.: Қ.Мыңбаев
Тел.: 8 7252 35-06-06

Результаты согласования
26.06.2019 22:14:45: 1 (Камералдық бақылау бөлімі) - - согласовано без замечаний

26.06.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)